Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне "Генерал С.Қ.Нұрмағанбетов атындағы республикалық "Жас ұлан" мектебі" мемлекеттік мекемесінің құрылысына және оны жарақтандыруға қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 7 қазан N 1539

"Генерал С.Қ.Нұрмағанбетов атындағы республикалық "Жас ұлан" мектебі мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 наурыздағы N 309 P990309_ қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне "Генерал С.Қ.Нұрмағанбетов атындағы республикалық "Жас ұлан" мектебі" мемлекеттік мекемесінің құрылысын аяқтау және оны жарақтандыру үшін 1999 жылға арналған республикалық бюджетте "Кезек күттірмейтін мемлекеттік мұқтаждар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен 140 000 000 (жүз қырық миллион) теңге, оның ішінде:

жөндеу-құрылыс жұмыстарын аяқтау үшін - 100 000 000 (жүз миллион) теңге;

негізгі жабдықтарды, жиһаздарды, заттай мүліктерді сатып алуға, жылытуға арналған шығыстарға - 40 000 000 (қырық миллион) теңге бөлсін;

2) бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК